

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 20 желтоқсан N 575. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1743. Қаулының күші жойылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 17 тамыздағы N 86 қаулысымен.

*РҚАО-ның ескертуі: ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 17 тамыздағы N 86 қаулысына сәйкес 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қаулының күші жойылады (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).*

---

Экспорт-импорт валюта бақылауының автоматтандырылуын сапалы қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы **қ а у л ы е т е д і** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына м ы н а д а й өзгеріс енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ақпарат технологиясы департаменті (Молчанов С.Н.) "Банктік сервис бюросы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорынмен (Шәймергенова Б.Ш.) бірлесіп Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі үшін валюталық бақылау бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуді қамтамасыз етсін және оны 2002 жылғы 1 шілдеде өндірістік п а й д а л а н у ғ а енгізсін."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

3. Ақпарат технологиясы департаменті (Молчанов С.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап жеті күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

*К е л і с і л д і :*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Мемлекеттік кіріс министрлігі*

*2002 жылғы 3 қаңтар*

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Жұманазарова А.Б.